

Краткий агрометеорологический обзор за 3 декаду августа 2026 года.

В третьей декаде августа в зерносеющих регионах страны в основном отмечается фаза развития «полная спелость», проводится уборка урожая. Температура воздуха преимущественно была около нормы, на севере, центре и востоке страны осадков выпало около и больше нормы, на западе и северо-западе меньше нормы.

На севере страны на посевах яровой пшеницы и ярового ячменя в основном наблюдается фаза развития «полная спелость», на отдельных участках «восковая спелость». Состояние яровых зерновых культур и посевов в основном хорошее и отличное, на отдельных участках удовлетворительное. В Буландынском, Сандыктауском, Жаксынском, Астраханском, Зерендинском и Целиноградском районах Акмолинской области, Камыстинском, Карабалыкском, Алтынсаринском, Мендыкаринском, Узункольском, Житикаринском, Сарыкольском, Федоровском и Б.Майлина районах Костанайской области, в Иртышском и Железинском районах Павлодарской области, в районах М.Жумабаева и Шал акына, Кызылжарском, Акжарском, Мамлютском, Аккайынском и Тайыншинском районах Северо-Казахстанской области ведутся уборочные работы яровой пшеницы. В Сандыктауском, Зерендинском и Ерейментауском районах Акмолинской области, Денисовском районе Костанайской области, а также в Успенском районе Павлодарской области на посевах ярового ячменя приступили к подбору валков.

На западе и северо-западе страны на посевах яровых зерновых культур наблюдается фаза развития «полная спелость». В Сырымском районе Западно-Казахстанской области, а также в Мартукском, Хромтауском и Айтекебийском районах Актюбинской области приступили к уборке урожая яровой пшеницы. Состояние растений в основном хорошее.

На востоке страны в Урджарском, Жарминском и Бородулихинском районах области Абай и в Восточно-Казахстанской области на посевах яровых зерновых культур в основном наблюдается фаза развития «полная спелость», в Глубоковском районе Восточно-Казахстанской области на отдельных участках «восковая спелость». Состояние растений хорошее и отличное. В Жарминском районе области Абай приступили к уборке яровой пшеницы и ярового ячменя. В Уланском районе Восточно-Казахстанской области на наблюдаемых участках яровой пшеницы отмечались уборочные работы (подбор валков, обмолот).

В центре страны в Осакаровском, Нуринском, Актогайском и Бухар-Жырауском районах Карагандинской области на посевах ярового ячменя наблюдается фаза развития «полная спелость», в Каркаралинском районе на поздних посевах «колошение». Состояние растений в основном хорошее, на отдельных участках Каркаралинского района (агропост Буркитты) плохое. В

Бухар-Жырауском и Осакаровском районах Карагандинской области приступили к уборке ярового ячменя. На посевах яровой пшеницы наблюдается фаза развития «полная спелость». В Осакаровском, Нуринском и Каркаралинском районах Карагандинской области приступили к уборке урожая яровой пшеницы. Состояние растений в основном отличное и хорошее, на отдельных участках удовлетворительное.

На востоке и севере страны на посевах подсолнечника продолжается фаза развития «созревание»-«уборочная спелость». Состояние растений хорошее и отличное, на отдельных участках удовлетворительное.

На юге страны на полях с хлопчатником наблюдаются фазы развития «раскрытие 1-й коробочки» «созревание сырца 1-й коробочки». Состояние растений хорошее и отличное.

В Шиелийском районе Кызылординской области на посевах риса наблюдается фаза развития «полная спелость», в Каратайском районе области Жетісу «молочная спелость». Состояние растений хорошее и удовлетворительное.

На последний день декады отличное состояние травостоя наблюдается в Северо-Казахстанской области (станция Талшик), а также на отдельных пастбищах в Актюбинской (станция Карабулак) и Алматинской (станция Аул №4) областях. Хорошее состояние травостоя преобладает в Карагандинской, Атырауской, Жамбылской и Кызылординской областях, а также в большинстве наблюдательных пунктов Актюбинской и Западно-Казахстанской областей. Удовлетворительное состояние отмечается в Туркестанской и Костанайской областях, области Жетісу и Ұлытау.

По результатам инструментального определения запасов продуктивной влаги в почве в северных зерносеющих регионах (Костанайская, Акмолинская, Северо-Казахстанская и Павлодарская области) отмечались удовлетворительные и оптимальные показатели влагообеспеченности в метровом слое почвы. Вместе с тем практически во всех регионах наблюдалось иссушение верхнего пахотного слоя почвы.

2026 жылдың тамыз айының 3 онкүндігіндегі қысқаша агрометеорологиялық шолу.

Тамыздың үшінші онкүндігінде еліміздің астық егетін өңірлерінде көбінесе «толық пісу» даму фазасы байқалады, егін жинау жұмыстары жүргізілуде. Ауа температурасы көбінесе нормаға жуық болған, солтүстік, орталық және шығыс өңірлерінде жауын-шашын нормаға жуық және нормадан жоғары, ал батыс және солтүстік-батыс өңірлерінде нормадан төмен жауған.

Еліміздің солтүстік өңірлерінде жаздық бидай мен жаздық арпа егістіктерінде көбінесе «толық пісу», жекелеген учаскелерде «дәннің уыздануы» фазалары байқалады. Жаздық дәнді дақылдар мен егістіктердің жай-күйі көбінесе жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық. Ақмола облысының Бұланды, Сандықтау, Жақсы, Астрахан, Зеренді және Целиноград аудандарында, Қостанай облысының Қамысты, Қарабалық, Алтынсарин, Меңдіқара, Ұзынкөл, Жітіқара, Сарыкөл, Федоров аудандарында және Б. Майлин ауданында, Павлодар облысының Ертіс және Железин аудандарында, Солтүстік Қазақстан облысының М. Жұмабаев және Шал ақын, Қызылжар, Ақжар, Мамлютка, Аққайың және Тайынша аудандарында жаздық бидайды жинау жұмыстары жүргізілуде. Ақмола облысының Сандықтау, Зеренді және Ерейментау аудандарында, Қостанай облысының Денисов ауданында, сондай-ақ Павлодар облысының Успенка ауданында жаздық арпа егістіктерінде дестелеп жинап алуға кіріскен.

Еліміздің батыс және солтүстік-батыс өңірлерінде жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде «толық пісу» даму фазасы байқалады. Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданында, сондай-ақ Ақтөбе облысының Мартук, Хромтау және Әйтеке би аудандарында жаздық бидайды жинау жұмыстарына кіріскен. Өсімдіктердің жай-күйі көбінесе жақсы. Еліміздің шығыс өңірінде Абай облысының Үржар, Жарма және Бородулиха аудандарында және Шығыс Қазақстан облысында жаздық дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «толық пісу» даму фазасы байқалады, Шығыс Қазақстан облысының Глубокое ауданында жекелеген учаскелерде «дәннің уыздануы» фазасы байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және өте жақсы. Абай облысының Жарма ауданында жаздық бидай мен жаздық арпаны жинау жұмыстарына кіріскен. Шығыс Қазақстан облысында Ұлан ауданының бақылау учаскелерінде жаздық бидай жинау жұмыстары (дестелерді жинап алу, бастыру) жүргізілген.

Еліміздің орталық өңірінде Қарағанды облысының Осакаров, Нұра, Ақтоғай және Бұқар жырау аудандарында жаздық арпа егістіктерінде «толық пісу», Қарқаралы ауданының кеш себілген егістіктерінде «масақтану» фазалары байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі көбінесе жақсы, Қарқаралы ауданының жекелеген учаскелерінде (Бүркітті агробекеті) нашар. Қарағанды облысының Бұқар жырау және Осакаров аудандарында жаздық арпаны жинау жұмыстарына

кіріскен. Жаздық бидай егістіктерінде «толық пісу» даму фазасы байқалады. Қарағанды облысының Осакаров, Нұра және Қарқаралы аудандарында жаздық бидайды жинау жұмыстарына кіріскен. Өсімдіктердің жай-күйі көбінесе өте жақсы және жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Еліміздің шығыс және солтүстік өңірлерінде күнбағыс егістіктерінде «пісу»-«егіндік пісу» даму фазалары жалғасуда. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Еліміздің оңтүстік өңірінде мақта алқаптарында «1-ші қауашақтың ашылуы»-«1-ші қауашақтың пісуі» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және өте жақсы.

Қызылорда облысының Шиелі ауданында күріш егістіктерінде «толық пісу» даму фазасы, ал Жетісу облысының Қаратал ауданында «дәннің сүттенуі» даму фазасы байқалады. Өсімдіктердің жай-күйі жақсы және қанағаттанарлық.

Онкүндіктің соңғы күнінде Солтүстік Қазақстан облысында (Талшық станциясы), сондай-ақ Ақтөбе облысының (Қарабұлақ станциясы) және Алматы облысының (Ауыл № 4 станциясы) жекелеген жайылымдарында өсімдік жамылғысының өте жақсы жай-күйі байқалады. Қарағанды, Атырау, Жамбыл және Қызылорда облыстарында, сондай-ақ Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының бақылау пункттерінің басым бөлігінде өсімдік жамылғысының жақсы жай-күйі басым. Түркістан және Қостанай облыстарында, Жетісу және Ұлытау облыстарында қанағаттанарлық жай-күй байқалады.

Топырақтың өнімді ылғал қорын аспаптық бақылау нәтижелері бойынша солтүстік астық егетін өңірлерде (Қостанай, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарында) топырақтың бір метрлік қабатындағы ылғалмен қамтамасыз етілу көрсеткіштері қанағаттанарлық және оңтайлы болған. Сонымен қатар барлық өңірлерде топырақтың жоғарғы беткі қабатының құрғауы байқалды.